



ХҒТАР 11.15.11
Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2616-6887-2025-152-3-56-69>

Идеология және қазақ баспасөзі («Қазақ әдебиеті» материалдарын талдау)

М.Ә. Қайырбек^{ID}

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail: murat1979303@gmail.com)

Аңдатпа. Мақала 2015-2025 жылдары Қазақстандағы мемлекеттік идеологиялық тұжырымдамалардың эволюциясын салыстырмалы талдауға арналған. Бұл ретте, 2015-2019 жылдар Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың билікте болған соңғы 5 жылын, ал 2019-2025 жылдар Қасым-Жомарт Тоқаевтың ең жоғары қызметтегі алғашқы 5 жылдық кезеңін қамтиды. Зерттеу «Қазақ әдебиеті» газетінде 10 жылда жарияланған мақалалар мен материалдарға контент-талдау жасау арқылы жүргізілді. «Қазақ әдебиеті» газеті кездейсоқ таңдап алынған жоқ. Бұл – зиялы қауым өкілдерінің пікірі, ой-тұжырымдары тұрақты түрде жарияланып тұратын негізгі басылымның бірі. Автор Қазақстандағы идеологиялық парадигманың түбегейлі өзгеріске ұшырағанын анықтады: Назарбаев кезеңінде тарихи-консервативтік нарратив басты орында болса (Мәңгілік ел, Рухани жаңғыру), Тоқаев кезеңінде прагматикалық, әлеуметтік-құқықтық мәселелерге (Әділетті Қазақстан, Таза Қазақстан, Заң мен тәртіп, Адал азамат, Алаш қайраткерлерінің мұрасын жаңғырту, цифрландыру, жасанды интеллект) басымдық берілді. Мақалада ұлттық интеллигенция өкілдерінің рөліне айрықша назар аударылды. Олар дәстүр сақшысынан өткір сын айтатын, сананы жаңғыртуға бастамашы болатын әлеуметтік топқа айналды. Зерттеу барысында жаһандық және ішкі сын-қатерлер (пандемия, Украинадағы ахуал, 2022 жылғы қаңтар оқиғасы) идеология саласындағы басымдықтың экономикалық егемендік пен әлеуметтік әділдік мәселелеріне қарай ойысуына түрткі болғаны дәлелденді. Жұмыстың ғылыми жаңалығы ретінде саяси бағдардың ауысуы, баспасөздегі дискурстың эволюциясы және ұлттық бірегейлік туралы көзқарастың өзгеруі арасында тікелей байланыс бар екені дәлелденгенін атап өтуге болады.

Түйін сөздер: идеология, «Қазақ әдебиеті» газеті, баспасөз, зиялы қауым, мемлекеттік саясат, билік, әділдік.

Түсті: 10.07.2024; Мақұлданды: 25.09.2025; Онлайн қолжетімді: 30.09.2025

Кіріспе

Қазақстанның ішкі саясатындағы өзекті тақырыптың бірі – идеология мәселесі. Бұл мәселеге қатысты қоғамда әртүрлі пікір бар. Кейбір мамандар идеология деген сөздің өзін жоққа шығарады. Оны Кеңес заманынан қалған ескі ұғым, біздің қоғамға идеология керек емес, керісінше, елдің өркендеуіне септігін тигізетін дұрыс құндылықтар қажет деген пікірді алға тартады (мысалы, Дархан Әбдік) [1]. Түрлі көзқарастың болғаны орынды. Пікір алуандығы және сындарлы диалог қоғамның бір орында тұралап қалмай, тұрақты дамуына жол ашатыны анық. Қазақстанда билік әр кезеңде түрлі идеологиялық тұжырым (Этносаралық татулық пен келісім, Мәңгілік ел, Рухани жаңғыру, Заң мен тәртіп, Әділетті Қазақстан, Адал азамат және тағы басқа) ұсынып, оны барынша дәріптеуге тырысты. Қазір де солай. Дегенмен, бүкіл елді ұйыстыратын жалпыұлттық идея бар ма деген сұраққа нақты жауап беру қиын. Мұны мерзімді басылымда, әлеуметтік желіде жарияланған материалдардан, сарапшылардың пікірінен аңғаруға болады.

Ұлттық идеологияны айқындау ісінде интеллигенция өкілдері, соның ішінде ғалымдар мен қаламгерлер айрықша рөл атқарады. Өйткені, интеллигенцияға жүктелген маңызды миссияның бірі – шындықты айту, билік пен қоғам арасында дәнекер болу [2]. Зиялы қауым – салмақты ақыл-ой айтатын зияткерлер ғана емес, қоғамдық пікір қалыптастыратын және идеологиялық бағыт-бағдар беретін әлеуметтік топ [3]. Олардың пікірі мен идеялары көп жағдайда бұқаралық ақпарат құралдары, соның ішінде баспасөз арқылы таралады. Осы орайда, еліміздегі «Қазақ әдебиеті» газетінің алатын орны ерекше. Бұл газетті тек ақпарат көзі ғана емес, зиялы қауымның мінбері ретінде қарастыруға болады. Сондай-ақ, бұл басылым – Қазақстан қоғамындағы құндылықтар жүйесінің қалыптасу және өзгеру үдерісінен хабар беретін маңызды мәлімет көзі. Газет беттерінде шығармашылық саласының өкілдері – ақын-жазушылар, сыншылар мен мәдениет қайраткерлері, бір сөзбен айтқанда, интеллектуалды элита өкілдері ұлттық бірегейлік, тіл, дін, дәстүр, мемлекеттік саясат мәселелеріне қатысты пікірін ашық білдіріп, өз ойын ортаға салады. Зерттеудің маңыздылығын арттыра түсетін бір факт: газетте жарияланған материалдардың авторлары – қоғамдағы үдерістерді сырттай бақылап, қарекетсіз отыратын адамдар емес, керісінше, идеологиялық үдерістің белсенді қатысушылары. Олардың мақалалары, материалдары мемлекеттің идеологиялық бағдарын айқындап қана қоймайды. Сонымен бірге оны ой елегінен өткізіп, тың идеялар ұсынады.

2015-2025 жылдар аралығы зерттеу кезеңі ретінде таңдап алынды. Бұл кезең кездейсоқ алынған жоқ. Осы уақыт аралығы Қазақстанның қазіргі саяси өміріндегі елеулі екі кезеңді қамтиды: 2015-2019 жылдар – Қазақстанның тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың билікте болған соңғы 5 жылы және 2019-2025 жылдар – Қасым-Жомарт Тоқаевтың Президент ретінде қызмет атқарған алғашқы 5 жылы. Осы екі кезеңдегі идеологиялық жұмыстың өзіндік ерекшеліктері де, ұқсастықтары да бар екені анық. Мұны баспасөзде жарияланған материалдардан аңғаруға болады. Газет беттерінде көтерілген тақырыптар – қоғамның түрлі салаларындағы идеологиялық қажеттіліктер мен өзекті мәселелердің көрінісі. Автор идеология тақырыбы «Қазақ әдебиеті» газетінде қаншалықты жиі әрі терең талқыланды, нақты қандай мәселелер көтерілді деген сұрақтарға жауап беруге тырысты.

Зерттеу әдістері мен материалдары

2015-2025 жылдар аралығында «Қазақ әдебиеті» газетінде жарық көрген мақалаларды зерттеп, ұлттық идеологияның қалыптасуындағы маңызды үрдістер мен негізгі мәселелерді анықтау. Мақалалар мен сұхбаттарға талдау жүргізіп, зиялы қауымның ұлттық құндылықтарды дәріптеу, мемлекеттік идеологияны нығайту және қоғамдық сананы жаңғырту ісіндегі ықпалын айқындау. Осы ретте автор идеологиялық парадигманың өзгеруі туралы мынадай гипотезаны дәлелдеуге тырысты: Саяси көшбасшылықтың ауысуы (*Назарбаев → Тоқаев*) консервативті-тарихи нарративтен («Рухани жаңғыру», «Мәңгілік ел») прагматикалық-реформаторлық дискурсқа көшуге жол ашты. Бұл үрдіс негізгі идеологемалардың газетте жариялану жиілігінің өзгеруінен байқалады. Сондай-ақ, интеллигенцияның рөлі туралы гипотеза ұсынылды: зиялы қауым мемлекеттік идеологияны медиаплатформалар арқылы дәріптеп қана қоймай, оны түзеп-екшеп, баламалы дискурс (мысалы, гендерлік теңдік, экология) қалыптастырды. Бұл үрдіс, әсіресе, 2019-2025 жылдары күшейе түсті. Бұдан бөлек, жаһандық оқиғалар (*COVID-19 індеті, Украинадағы ахуал*) газетте ұлттық мүдде, цифрландыру, әлеуметтік әділдік сияқты тақырыптарды алдыңғы қатарға шығарды. Осының өзі Қазақстандағы идеологиялық жұмыстың сыртқы сын-қатерлерге бейімделгенін аңғартады.

Бұл мақалада контент талдау әдісі арқылы қазақ баспасөзінде идеология тақырыбының қалай өрбігені, қандай мәселелерге басымдық берілгені және олардың қоғамға әсері зерттеледі. Ұлттық интеллигенцияның баспасөз арқылы идеологияға қосқан үлесі мен ықпалына талдау жасалады. Сонымен қатар, қазақ газеттерінің идеологиялық мінбер ретіндегі рөлі мен оның ұлттық бірегейлікті нығайтудағы мән-маңызы сараланады. 2015-2025 жылдары «Қазақ әдебиеті» газетінде «идеология» сөзі бар 891 мақала/материал жарияланған. Бұл материалдың бәрі газеттің ресми сайты – <https://qazaqadebieti.kz/> сілтемесі арқылы қолжетімді. Соның ішінен ұлттық идеологиямен байланысты тақырыптарды (ұлттық бірегейлік, ұлттық код, ана тілі, салт-дәстүр, тарих, дін, қоғамға іріткі салатын ағымдар, Рухани жаңғыру, интеллектуалды ұлт, Мәңгілік ел, әділдік, теңдік және т.с.с) тікелей немесе жанама талқылаған 70 мақала іріктеп алынды. Бұл тақырыптарды жинақтап, бір-бірімен байланысты негізгі 4 топқа бөлуге болады: Ұлттық бірегейлік (тіл, тарих, фольклор); Дін мен қауіпсіздік; Жаңғыру мен дәстүр; Идеология саласындағы интеллигенцияның рөлі.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы бар. Өйткені «Қазақ әдебиеті» газетінің 2015-2025 жылдар аралығында жарияланған материалдарына кешенді саяси талдау жасалған жоқ. Жұмыстың нәтижелері Қазақстандағы идеологиялық тұжырымдардың эволюциясын түсініп, олардың медиа кеңістікте қаншалықты көрініс тапқанын анықтау үшін пайдалы болуы мүмкін. Ұлттық идеология тақырыбы маңызды болғанымен, оның қазақ баспасөзінде, әсіресе, нақты газетте және нақты уақыт аралығында талқылануы аз зерттелген бағыттың бірі саналады. Бұл жұмыс он жылдық кезеңдегі жарияланымдарға талдау жасай отырып, осы олқылықтың орнын толтыруға тырысады. Бұдан бөлек, жаһандану үдерісінің және цифрлық медианың ықпалы күшейген қазіргі дәуірде қағаз басылымдарын талдау арқылы дәстүрлі бұқаралық ақпарат құралдарының

жаңа жағдайға қалай бейімделіп жатқанын және олардың ұлттық құндылықтарды ілгерілету ісінде қандай рөл атқаратын аңғаруға болады. «Қазақ әдебиеті» газетінде 2015-2025 жылдары жарияланған материалдарды зерттеу ғылыми және практикалық тұрғыдан зор қызығушылық тудырады. Өйткені осы аралықта қандай тақырыптар мен мәселелерге басымдық берілгенін анықтауға мүмкіндік туады. Сонымен қатар авторлардың идеология мәселелерін жариялауға қатысты ұстанымын және олардың аудиторияға әсерін айқындауға болады.

Нәтижелер мен талқылаулар

Тарихи және саяси контекст. Қазақстанның 2015 – 2019 жылдардағы саяси, экономикалық және әлеуметтік өмірі, яғни Нұрсұлтан Назарбаевтың билікте болған соңғы бес жылы халықты жұмылдыруға бағытталған ауқымды идеологиялық жобалардың жүзеге асырылуымен ерекшеленеді. Осы кезеңдегі идеологиялық жұмысқа «Мәңгілік ел» идеясы арқау болды [4]. 2016 жылы ресми түрде «Мәңгілік ел» патриоттық актісі қабылданып, қазақ мемлекеттілігінің мынадай жеті тұғыры айқындалды. Олар: Тәуелсіздік және Астана; жалпыұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім; зайырлы мемлекет және руханият; инновация негізіндегі тұрақты экономикалық өсім; жалпыға ортақ еңбек қоғамы; тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы; ұлттық қауіпсіздік және Қазақстанның жаһандық проблемаларды шешуге белсене қатысуы [5]. Бұл тұжырымдама саяси ұран ретінде ғана емес, сонымен қатар азаттықты аңсаған қазақ халқының сан ғасырлық арман-мұраты ретінде дәріптелді. Оның түп-тамыры VII ғасырдағы Түрік қағанаты заманынан бастау алады. Әйгілі Күлтегіннің Орхон жазуларында «Мәңгі Ел» жазуы тасқа қашалып жазылғаны белгілі. Сонымен қатар, 2017 жылы «Рухани жаңғыру» бағдарламасы жарияланды [6]. Бұл бастама «Мәңгілік ел» идеясының идеологиялық тұжырымдарын нақты жобалар арқылы жүзеге асырудың құралына айналды. Атап айтқанда, қазақ тілін 2025 жылға қарай латын қарпіне көшіру жобасы (технологиялық артықшылықтармен және түркі әлеміне кірігу қажеттігімен ұсынылды); Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы жобасы, цифрландыру және радикализмге қарсы тұру үшін «дәстүрлі ислам» құндылықтарын дәріптеу жобасы. Бұқаралық ақпарат құралдарында, соның ішінде «Қазақ әдебиеті» газетінде осы тақырыптар жиі талқыланды. Мемлекеттік тілдің мәртебесі, тарихи мұра (әсіресе, Қазақ хандығының, Абай Құнанбайұлының, Шоқан Уәлихановтың мерейтойлары), латын қарпіне көшу жөніндегі дискуссиялар сананы жаңғырту, отарлық психологиядан арылу деп түсіндірілді [7]. Осы кезеңдегі экономикалық саясатта шикізатқа тәуелділікті азайту және ұлттық экономиканы әртараптандыру мәселелеріне басымдық берілді. 2014-2015 жылдары мұнай бағасының құлдырауына қарамастан, 2017 жылға қарай ішкі жалпы өнімнің өсімі қалпына келді (2018 ж. 4,1 пайызға дейін) [8]. Бұған «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында қабылданған дағдарысқа қарсы шаралар (мысалы, «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» көлік дәлізі инфрақұрылымына салынған инвестиция, шағын және орта бизнесті қолдау) септігін тигізді. Дегенмен, құрылымдық проблемалар толық шешімін тапқан жоқ. Атап айтқанда, экспорттағы мұнай-газ саласының үлесі 60

пайыздан астам болды, аймақаралық теңсіздік пен жұмыссыздық деңгейі елеулі сын-қатер ретінде сақталды. Әлеуметтік сала жаңғыру мен дәстүрлі ұстаным арасындағы қарама-қайшылыққа толы болды. Билік тіл саясатын жандандыра түсті: 2019 жылға қарай халықтың 95 пайызын қазақ тілін үйрететін үйірмелермен қамтамасыз ету жоспарланды. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы «әлемдік 100 озық оқулықты» аудару, Назарбаев зияткерлік мектептерінің стандарттарын енгізу сияқты білім саласындағы реформаларға жол ашты. Бұған қоса, дін саласына бақылау күшейді. Өйткені қоғамда қазақтың дүниетанымына жат діни ағымдар пайда болып, жұртты адастыра бастады. Осыған орай, «дәстүрлі исламды» насихаттауға басымдық берілді [9]. Жалпы, осы кезеңдегі идеологиялық жұмыс мынадай үш тұғырға негізделді: тұрақтылықтың кепілі – Елбасы (Н.Назарбаев); экономикалық мега-жоба – «Нұрлы жол» және рухани діңгек – «Мәңгілік ел». Аталған үш тұғыр Назарбаевтың саяси бағдарының сабақтастығын қамтамасыз етуге тиіс еді.

Осылайша, 2015-2019 жылдар Назарбаев мұрасының төңірегіне халықты идеологиялық тұрғыдан жұмылдыру кезеңіне айналды. Бұл ретте экономика шикізатқа тәуелділіктен арылмағанына қарамастан, «Мәңгілік ел» және «Рухани жаңғыру» идеялары түркі-ислам құндылықтарын прагматикалық жаңғыру үрдісімен ұштастыруды көздеген ұлттық бірегейліктің матрицасын қалыптастырды.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың алғашқы 5 жылдық мерзімін қамтыған 2019-2025 жылдар Қазақстан үшін саясат, экономика және әлеуметтік саладағы терең әрі ауқымды өзгерістер кезеңі болды. Бұл кезеңде Әділетті Қазақстанды құру ұраны басты орынға шықты [10]. Қолға алынған реформалардың заңдылығы мен дұрыстығын растау (легитимация) және әлеуметтік үдерістерді басқару құралы ретінде қоғамдық диалогты күшейту жүйесіне баса мән берілді. Қ.Тоқаев 2019 жылдың наурыз айында қызметке кіріскен сәттен бастап «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын басшылыққа алды. Сол жылдың маусым айында Президенттің ұсынысымен Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі (ҰҚСК) құрылды [11]. Бұл кеңес сарапшылар қауымы, азаматтық қоғам өкілдері, үкіметтік емес ұйымдардың мүшелері, бизнес пен зиялы қауым өкілдері бас қосатын, қоғамды дамытуға қатысты маңызды мәселелер талқыланатын диалог алаңы ретінде құрылды. ҰҚСК-нің басты міндеті – негізгі саяси, әлеуметтік және экономикалық реформалардың жобаларын талқылау, соған қатысты ұсыныстар әзірлеу және қоғамдық пікір қалыптастыру. Сол арқылы билік қоғаммен кері байланыс орнатуды көздеді. Дегенмен, басқарудың жаңа үлгісі үшін 2022 жылдың қаңтарындағы қайғылы оқиғалар нағыз сынаққа әрі тың өзгерістердің катализаторына айналды. Маңғыстауда газ бағасының қымбаттауына қарсылық білдірген жергілікті жұрттың наразылығы Қазақстанның бірқатар қаласында әлеуметтік әділдікті қалпына келтіру, саяси өзгерістер жасау және олигархтарды ауыздықтау сияқты талаптар көтерілген ауқымды науқанға ұласты. Оның арты қоғамдық тәртіпті жаппай бұзу, мемлекеттік мекемелерге шабуыл жасау сияқты берекесіздікке әкеп соқтырды. Бұл – Қазақстан үшін зор сынақ болған кезең. Осы дағдарысқа жауап ретінде Қасым-Жомарт Тоқаев түбегейлі саяси өзгерістер жасауға кірісті. Тұңғыш Президент Н.Назарбаев Қауіпсіздік кеңесінің төрағасы лауазымынан бас тартып, конституциялық реформа жасалды. Сонымен қатар

қоғамдық диалог форматы эволюциялық жолмен дами бастады. Атап айтқанда, 2022 жылдың маусым айында Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі жойылып, оның орнына Ұлттық құрылтай құрылды [12]. Бұл – қоғамның түрлі өкілдерінен, соның ішінде, жастар мен зиялы қауым өкілдерінен құралған қоғамдық-саяси диалог платформасы. Оның негізгі міндеті елдік мәселелерді талқылап, нақты ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлеу, жалпыұлттық құндылықтарды дәріптеу, ұлтты ортақ мақсатқа ұйыстыру, халықтың, саяси партиялар мен үкіметтік емес ұйымдардың, мемлекеттік органдардың өкілдері арасында сындарлы диалог орнату. Ұлттық құрылтай Әділетті Қазақстан идеясын талқылау және ілгерілету ісінің маңызды құрылымына айналды. Құрылтайдың бірінші отырысының Ұлытауда өткізілуі оның қазақ мемлекеттілігінің сан ғасырлық дәстүрімен символдық байланысы бар екенін көрсетті.

Жалпыұлттық референдумға шығарылған 2022 жылғы конституциялық реформа саяси жүйені жаңғырту жолында елеулі өзгерістерге жол ашты. Осы реформаның нәтижесінде Президенттің өкілеттігі біршама шектеліп, Парламенттің құзыры кеңейді, аудан және қала әкімдерін тікелей сайлау жүйесі енгізілді. Азаматтардың мемлекет басқару, шешім қабылдау үдерісіне қатысу мүмкіндігі арта түсті. Осының бәрі – супер-президенттік республикадан ықпалды парламенті бар президенттік республика үлгісіне көшу жолындағы маңызды қадамдар. Бұл өзгерістер туралы баспасөзде, соның ішінде Қазақ әдебиеті газетінде жарияланған материалдар аз емес [13]. Ұлттық құрылтай осы және басқа да салалардағы реформаларға белсене атсалысты. Сондай-ақ, жаңа қоғамдық этика қалыптастыру, идеология тақырыптарын жан-жақты талқылап, биліктің шешімдерін түсіндіру және қоғаммен диалог орнату ісіне үлес қосты.

Қ.Тоқаевтың экономикалық саясаты 2022 жылғы қаңтар оқиғасынан кейін айқындала түскен өзара байланысты екі міндетті шешуді көздеді. Бұл – ұлттық байлықты әділ бөлу, баршаға бірдей мүмкіндік беру және инновациялар мен тың салаларды дамыту арқылы экономиканы әртараптандыру жұмысын жандандыру. Осы кезеңде қоғам тарапынан әлеуметтік әділдік талаптары күшейе түскені белгілі. Соған сәйкес ел ішінде маңызды жобалар жүзеге асырылды. Мысалы, Мемлекет басшысының бастамасымен «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы іске қосылды. Ұлттық қордың инвестициялық табысының бір бөлігі кәмелет жасына толмаған әр баланың арнаулы есеп-шотына аударыла бастады. Бұдан бөлек, заңсыз алынған және пайдаланылмай жатқан жерлерді мемлекет меншігіне қайтару науқаны басталды. Соның арқасында ауыл шаруашылығын тың қарқынмен дамытуға мүмкіндік туды. Бұдан бөлек креативті индустрияға және жасанды интеллектіге басымдық беріле отырып, экономиканы жаңғыртуға күш жұмылдырылды. Креативті индустрияның жалпы қосымша құнға қосқан үлесі 2017 жылмен салыстырғанда 3,2 есе өсіп, 2023 жылы 1,2 триллион теңгеге жетті [14]. Креативті индустрияларды дамытудың 2021 – 2025 жылдарға арналған тұжырымдамасы бекітілді. Соған сәйкес, бірқатар тың салаларға қолдау күшейтілді. Олар – IT, кинематография, дизайн, баспа ісі, музыка және арт-нарық. Астана халықаралық қаржы орталығы (АХҚО) креативті бизнес үшін маңызды хабқа айналды. 2024 жылдың соңындағы жағдайға сәйкес, АХҚО-да креативті сектордың 324 компаниясы тіркелді. Сондай-ақ, Қазақстанда жасанды интеллектіні дамыту стратегиялық міндеттің бірі саналады. Үкімет Жасанды

интеллекті дамытудың 2024 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын қабылдады. Соның аясында «Smart Data Ukimet» платформасы құрылды. Бұл платформа мемлекеттік органдардың 93 ақпараттық жүйесінен келіп түсетін мәліметті жинақтап, жасанды интеллект алгоритмдерін дамытуға жол ашады. Тағы бір маңызды жоба – қазақ тілін заман талабына сай бейімдеуге арналған «KazLLM» ұлттық тіл үлгісі. Жасанды интеллект туралы арнайы заң әзірленіп, құқықтық негіз қалыптастырылып жатыр. Қасым-Жомарт Тоқаев билікке келген 2019 жылдан бастап, Қазақстанның макроэкономикалық көрсеткіштері де өсті. 2024 жылы ішкі жалпы өнім 288 миллиард долларға жетті. Ал, жан басына шаққандағы табыс 14 мың доллар (төлем қабілеті паритеті бойынша) болды [15]. Дегенмен, экономикада құрылымдық проблемалар толық шешемін таппай отыр. Атап айтқанда, Қазақстан шикізаттың әлемдік нарықтағы құнына деген тәуелділіктен толық арылған жоқ, ішкі жалпы өнімдегі креативті индустрияның үлесі (шамамен 1 пайыз) тым аз және басқа да түйткілдер бар.

2019-2025 жылдардағы әлеуметтік және идеологиялық саясат «Адал азамат», еңбекқорлық, білімпаздық, жасампаздық, тазалық пен үнемшілдік құндылықтарын дәріптеуге, қазақ мемлекеттілігінің тарихын тың зерттеулер кезінде анықталған жаңалықтарға сүйене отырып, қайта жазуға бағытталды. Сонымен қатар, мемлекеттік саясатта қоғамды жат діни ағымдардың ықпалынан қорғау үшін дәстүрлі исламды кеңінен дәріптеу ісіне басымдық берілді. Медиа дискурста, әсіресе, «Қазақ әдебиеті» сияқты басылымдарда Тоқаев ұсынған идеологиялық тұжырымдар туралы кеңінен жазылды [16]. Мысалы, әділ қоғам құру, сыбайлас жемқорлықпен және тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күресу, еңбекқорлық пен білімпаздық культін қалыптастыру, ұлттық байлықты әділ бөлу, сананы жаңғырту, жаңа қоғамдық этика қалыптастыру, «Таза Қазақстан» идеясын дәріптеу мәселелері жиі талқыланды.

Осылайша, Қасым-Жомарт Тоқаевтың Президент ретінде қызмет атқарған алғашқы бес жылдық мерзімін Қазақстанның саяси, экономикалық және әлеуметтік өмірін өзгертуге, халықтың тұрмысын жақсартуға бағытталған кезең деуге болады. Бұл кезеңде «Әділетті Қазақстанды» құру идеясы басты ұранға айналды. Қоғамдық диалог институты берік орнығып, мемлекет басқарудың және шешім қабылдаудың маңызды құралы ретінде танылды. Сыртқы және ішкі сын-қатерлерге төтеп беру үшін өзара байланысты үш мәселеге басымдық берілді: саяси жаңғыру (конституциялық реформа, қоғамдық-саяси диалог платформасы рөлін атқарған Ұлттық құрылтайдың құрылуы), экономикалық әділдік пен әртараптандыру («Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы, заңсыз иеленген жерлер мен активтерді мемлекетке қайтару, креативті индустрияны белсенді қолдау) және «Адал азамат», еңбекқорлық пен білімпаздық сияқты құндылықтардың, «Таза Қазақстан» идеясының төңірегіне жұртты жұмылдырып, тарихи жады мен қоғамдық сананы жаңғырту. Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінен Ұлттық құрылтайға дейін түрленіп, эволюциялық жолмен дамыған диалог институттары Тоқаев дәуірінің бір ерекшелігіне айналды. Бұл институттар қоғам сұранысын ішінара қанағаттандырып, қолға алынған реформаларды легитимді, яғни заңды деп танытуға мүмкіндік берді. Осы кезеңнің жетістіктері ретінде экономиканың шикізатқа тәуелді емес салаларының өркендей бастағанын, цифрлық инфрақұрылымның дами түскенін, жаңа технологияларға

қажетті заңнамалық базаның қалыптасқанын, ұлттық байлықты әділ бөлу қажет деген ұстанымның берік орныққанын және қоғамдық дискуссия үшін тұрақты каналдардың құрылуын ерекше атап өтуге болады. Әрине, оң өзгерістермен қатар, елді дамытуға кедергі келтіретін кейбір сын-қатерлер мен қарама-қайшылықтар да бар екені жасырын емес. Атап айтқанда, ұлттық экономика әлемдік шикізат нарығындағы бағамға қатты тәуелді, экономиканы түбегейлі әртараптандыруға креативті сектор мен жасанды интеллектінің әлеуеті әлі де жеткіліксіз, 2022 жылғы қаңтарда беті ашылған әлеуметтік проблемалар ұдайы назарда болуға тиіс әрі тиімді шешімдер қабылдауды талап етеді.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың Президент лауазымындағы алғашқы бес жылдық кезеңінде мемлекет басқарудың жаңа үлгісінің негізі қаланды және қоғамдық диалогқа, әлеуметтік әділдік пен технологиялық жаңғыруға басымдық берілді. Оң өзгерістердің біржола орнығуы, биліктің ел ішінде қордаланған проблемаларды шеше білу қабілеті, азаматтардың мемлекет басқару үдерісіне кеңінен қатысу мүмкіндігін толық қамтамасыз ету мәселелері алдағы уақытта да мұқият бақылауды және талдауды қажет етеді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың отырысында атап өткендей, Әділетті Қазақстанды құру – ұзақ әрі күрделі үдеріс, оған бүкіл қоғам болып жұмылуымыз керек [17].

Нұрсұлтан Назарбаев пен Қасым-Жомарт Тоқаевтың идеология саласындағы жұмысының ерекшеліктерін, қандай тұжырымдамаларға басымдық берілгенін мына кестеден көруге болады:

Категория	Н. Назарбаев кезеңі (2015-2019 жж.)	Қ. Тоқаев кезеңі (2019-2025 жж.)
Идеология өзегі	Тарихи-рухани жаңғыру: - Рухани жаңғыру (дәстүр арқылы сананы жаңғырту); - Мәңгілік ел (мемлекеттілік дәстүрін мифологизациялау); - Интеллектуалды ұлт; - Қазақстан-2050. - Ел бірлігі.	Прагматизм мен әділдік: - Әділетті Қазақстан (әлеуметтік теңдік); - Таза Қазақстан; - Адал азамат; - Заң мен тәртіп; - Тәуелсіздік пен отаншылдық; - Әділдік пен жауапкершілік; - Бірлік пен ынтымақ; - Еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік; - Жасампаздық пен жаңашылдық;
Ұлттық бірегейлік	Дәстүрді консервациялау: - Абай, әл-Фараби сияқты тұлғалардың мұрасына басымдық беру; - Көшпенділер өркениеті ұлттық бірегейліктің негізі ретінде; - Алтын Орда дәуірін, Алаш қайраткерлерін дәріптеуге табу.	Тарихқа сыни көзбен қайта қарау: - Алаш қайраткерлерін кеңінен дәріптеу; - Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау; - Алтын Орда тақырыбын мемлекеттік деңгейде насихаттау.

Әлеуметтік басымдықтар	Кез-келген тәсілмен тұрақтылықты қамтамасыз ету: - Этносаралық татулық пен келісімді сақтау; - Діни экстремизммен күрес; - «Нұрлы жол» бағдарламасы.	Жаңғыру мен инклюзивтілік: - Цифрландыру (SMART-қоғам, STEM-білім); - Гендерлік бастамалар (өкілді органдарға сайлану үшін әйелдерге арнайы квота бөлу); - Тұрғын-үй коммуналдық шаруашылықтағы реформалар, елді-мекендерді газбен қамтамасыз ету.
Саяси құндылықтар	Авторитарлық билікті күшейту: - «Нұр Отан» партиясының үстемдігі; - БАҚ саласы мен азаматтық қоғамды қатаң бақылау; - Биліктің жетістіктерін идеализациялау.	Ашықтық пен реформалар: - Халық үніне құлақ асатын мемлекет; - Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет; - Ауыл және аудан әкімдерін сайлау; - Өткен кезеңдегі кландық жүйені сынау.
Экономикалық нарратив	Макро-тұрақтылық: - Инвестиция тарту; - Шикізатқа (мұнай, газ) негізделген үлгі; - Дағдарыстарды ашық айту-ды барынша азайту.	Әділдік, әртараптандыру және инновация: - Ұлттық байлықты әділ бөлу; - Жасыл экономика; - Жасанды интеллект; - Транзиттік хабтар.
Символдар мен қаһармандар	Назарбаев культі: - Елорда атауын Нұр-Сұлтан деп өзгерту (2019); - «100 жаңа есім»; - Абай ел бірлігінің символы ретінде	Жеке басқа табынушылықты жою: - Елордаға Астана атауын қайтару (2022); - Алаш қайраткерлері; - Жастар мен цифрлық ұрпақ

Қорытынды

Қазақстандағы мемлекеттік идеологияның даму барысына және оның «Қазақ әдебиеті» газетінде көрініс табуына қатысты жасалған талдаудың негізінде мынадай қорытынды ой-тұжырымдар жасауға болады.

Біріншіден, 2015-2025 жылдар Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың билікте болған соңғы кезеңін (2015-2019) және Қасым-Жомарт Тоқаевтың алғашқы бес жылдық мерзімін қамтиды. Бұл онжылдық кезең саяси парадигмалардың ауысуымен, идеологиялық тұжырымдамалардың қайта қаралып өзгеруімен және жаһандық жаңа сын-қатерлердің пайда болуымен ерекшеленеді.

Екіншіден, осы кезеңде Қазақстандағы идеологиялық парадигма түбегейлі өзгерді, яғни, Назарбаев дәуіріндегі тарихи-мифологиялық (мысалы, Мәңгілік ел, көшпенділер мұрасы) тұжырымдамаларға қарағанда, Тоқаев кезеңінде прагматикалық әлеуметтік күн тәртібі басты орынға шықты. Оның негізгі ерекшелігі – архаикалық ұстанымдардан бас тартылып, «Әділетті Қазақстан», «Таза Қазақстан» тұжырымдамаларына, қоғамдық

сананы жаңғырту, жаңа этика мен жаңа құндылықтар қалыптастыру ісіне басымдық берілді.

Үшіншіден, тарихи саясат айтарлықтай өзгеріске ұшырады. Егер 2015-2019 жылдары билік тарапынан ұсынылған нарратив Абай, әл-Фараби сияқты тұлғалармен, Қазақ хандығының тарихымен ғана шектелген болса, 2019 жылдан кейін Алаш қайраткерлері, Алтын Орда (Жошы Ұлысының 750 жылдығы) тақырыбы кеңінен дәріптеле бастады. Қазақ мемлекеттілігінің тарихы тереңнен тамыр тартады, Сақ, Ғұн дәуірінен, Түркі қағанаты кезеңінен бастау алады деген дискурс қоғамда берік орныға түсті. Қ. Тоқаевтың тапсырмасымен «Қазақстан тарихы: ежелгі дәуірден бүгінге дейін» атты 7 томдық академиялық еңбек дайындала бастады.

Төртіншіден, негізгі идеологемалардың сабақтастығын және саяси бағдардың өзгеруіне байланысты олардың да өзгергенін аңғаруға болады. Идеологиялық сабақтастық тіл, дәстүр, дін, ел бірлігі, яғни ұлттық мүдде мәселелеріне келгенде айқын көрінеді. Зерттеу кезеңінің барлық сатысында ұлттық бірегейлікті сақтауға баса мән берілді [18]. Атап айтқанда, қазақ тілін «ұлттың рухани коды» ретінде қорғау риторикасы күн тәртібінен түскен емес. Бұдан бөлек, дәстүрлі құндылықтарды сақтау, қазақтың дүниетанымына жат діни ағымдармен күрес мәселесі айрықша назарда болды. Бұған, әсіресе, ұлттық интеллигенция өкілдері зор алаңдаушылық білдіріп, баспасөзде көптеген материал жариялады.

Бесіншіден, зиялы қауымның және бұқаралық ақпарат құралдарының қоғамдағы рөлі де өзгерді. Мысалы, «Қазақ әдебиеті» газетінде 2019-2025 жылдары жарияланған материалдардан қоғамдық дискуссия, пікір алуандығы арта түскені аңғарылады. Әсіресе, гендерлік теңдік, экология тақырыптары, технократтар мен дәстүрлі ұстанымды жақтаушылар арасындағы пікір талас қалыпты жайтқа айналды.

Алтыншыдан, жаһандық сын-қатерлер (COVID індеті, Украинадағы жағдай, «сауда» соғысы) идеологиялық жұмысқа да ықпал етті. Пандемия ұлттық байлықты әділ бөлу, әлеуметтік әділдік мәселелерінің маңыздылығын арттыра түсті.

Халықаралық ахуалдың күрделенуі, санкциялық теке-тірес пен қысым экономикалық егемендік нарративін алдыңғы қатарға шығарды.

Қорыта айтқанда, 2015-2025 жылдары Қазақстандағы идеология саласы тарихи мифтерге негізделген дискурстан заман ағымына бейімделген прагматикалық дискурсқа қарай ойысты. Бұл ретте, әділдік пен теңдік категорияларын, қоғамдық диалог пен жаңғыру үдерісін жаңа кезеңнің басты ерекшелігі деуге болады. «Қазақ әдебиеті» газеті осы өзгерістердің айнасына ғана емес, жаһандық дағдарыс кезеңінде ұлттық бірегейлікті сақтап қалудың амал-тәсілі кеңінен талқыланған идеялар теке-тіресінің алаңына айналды. Әрине, қордаланған түйткілдер жойылған жоқ, сондықтан барлық саладағы тың реформалар жалғасын табуға тиіс.

Әдебиеттер тізімі

1. Әбдік, Д. (2017) Идеологияға уланған ортада парасат жоқ. Қазақ әдебиеті газеті. Сілтеме арқылы қол жетімді: <https://qazaqadebiety.kz/12300/darhan-bdik-zhurnalist-ideologiya-a-ulan-an-ortada-parasat-zho> (қаралған күні: 16 шілде 2024 ж.).

2. Chomsky, N. (1967) The Responsibility of Intellectuals, New York Review of Books. Available via the link: <https://www.jstor.org/stable/j.ctv9b2xdv.8?seq=1> (Accessed: 02 July 2024).
3. Грамши, А. (1991) Тюремные тетради. — М.: Издательство политической литературы. Доступно по ссылке: <https://www.civisbook.ru/files/File/Gramshi,tetrad.pdf> (дата обращения: 16 июля 2024 г.).
4. «Мәңгілік Ел» идеясы: кеше, бүгін, ертең. Сілтеме арқылы қол жетімді: <https://assembly.kz/upload/medialibrary/7da/7dad3ee17df21297af3ddd3ddb18f4b2.pdf> (қаралған күні: 16 шілде 2024ж.).
5. «Мәңгілік ел» патриоттық актісі. Сілтеме арқылы қол жетімді: <https://assembly.kz/news/m-gilik-el-patriotty-akt/> (қаралған күні: 16 шілде 2024 ж.).
6. Назарбаев, Н. (2017) Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру. Сілтеме арқылы қол жетімді: https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy (қаралған күні: 10 шілде 2024 ж.).
7. Әбжанов, Х. (2017) Рухани жаңғыру және қазіргі тарих ғылымы. Сілтеме арқылы қол жетімді: <https://qazaqadebieti.kz/11047/ruhani-zha-yru-zh-ne-azirgi-tarih-ulyму> (қаралған күні: 16 шілде 2025 ж.).
8. Севостьянова, И. (2019) Экономика РК в 2018: реальность оказалась лучше ожиданий. Доступно по ссылке: https://forbes.kz/articles/ekonomika_rk_v_2018_realnost_okazalas_luchshe_ojidaniy (дата обращения: 10 июля 2024 г.).
9. Кенжетай, Д. (2017) Салафи діни танымының қатері. Сілтеме арқылы қол жетімді: <https://qazaqadebieti.kz/12912/salafi-dini-tanymyny-ateri> (қаралған күні: 10 шілде 2024 ж.).
10. Тоқаев, Қ. (2022) Мемлекет басшысының «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауы. Сілтеме арқылы қол жетімді: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-181416> (қаралған күні: 14 шілде 2024 ж.).
11. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі туралы ереже. Сілтеме арқылы қол жетімді: https://www.akorda.kz/kz/legal_acts/decrees/kazakstan-respublikasy-prezidentinin-zhanyndagy-ulttyk-kogamdyk-senim-kenesinin-erezhesin-zhane-kuramyn-bekitu-turaly (қаралған күні: 10 шілде 2024 ж.).
12. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық құрылтай туралы ереже. Сілтеме арқылы қол жетімді: <https://www.akorda.kz/kz/kazakstan-respublikasy-prezidentinin-zhanyndagy-ulttyk-kuryltaydy-kuru-zhane-kazakstan-respublikasy-prezidentinin-keybir-zharlyktarynyn-kushi-zhoynyldy-dep-tanu-turaly-145458> (қаралған күні: 16 шілде 2024 ж.).
13. Қосан, Ә. (2023) «Конституцияға қарап көсіл! Сілтеме арқылы қол жетімді: <https://qazaqadebieti.kz/40021/mirzhan-osan-sayasatker-konstitutsiya-a-arap-k-sil> (қаралған күні: 16 шілде 2025 ж.).
14. Креативные индустрии Казахстана: тренды и перспективы. Доступно по ссылке: <https://aifc.kz/wp-content/uploads/2025/01/kreativnye-industrii-kazahstana-trendy-i-perspektivy-1.pdf> (дата обращения: 10 июля 2024 г.).
15. Беляева, Е. (2025) За шесть лет ВВП на душу населения превысил 14 тысяч долларов в Казахстане. Доступно по ссылке: <https://www.zakon.kz/sobytiia/6470798-za-shest-let-vvp-na-dushu-naseleniya-prevysil-14-tysyach-dollarov-v-kazakhstane.html> (дата обращения: 10 июля 2024 г.).
16. Әдебиетші қауым реформаларды қолдайды. Сілтеме арқылы қол жетімді: <https://qazaqadebieti.kz/33437/debietshi-auym-reformalardy-oldajdy> (қаралған күні: 08 шілде 2024 ж.).

17. Тоқаев, Қ.К. (2023) Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысында сөйлеген сөзі. Сілтеме арқылы қол жетімді: <https://www.akorda.kz/kz/speeches?page=3&category=> (қаралған күні: 17 шілде 2024 ж.).

18. Аманшаев, Е. (2024) Ұлттық сана және әлеуметтік желі. Сілтеме арқылы қол жетімді: <https://qazaqadebieti.kz/43949/lty-sana-zh-ne-leumettik-zheli> (қаралған күні: 17 шілде 2024 ж.).

М.А. Кайырбек

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Идеология и казахская пресса (анализ материалов «Қазақ әдебиеті»)

Аннотация. Настоящая статья представляет собой сравнительный анализ эволюции государственных идеологических концептов в Казахстане за период 2015–2025 годов, где 2015–2019 гг. отражают поздний этап президентства Н. Назарбаева, а 2019–2025 гг. — первую пятилетку правления К.-Ж. Токаева. Исследование проведено через призму контент-анализа публикаций газеты «Қазақ әдебиеті» за 10 лет. Газета «Қазақ әдебиеті» выбрана не случайно. Это – один из основных изданий, где регулярно публикуются мнения и взгляды представителей казахской интеллигенции. Выявлена радикальная трансформация парадигм: от доминирования историко-консервативных нарративов (Рухани жаңғыру, Мәңгілік ел) при Назарбаеве к прагматичной социально-правовой повестке при Токаеве («Справедливый Казахста», Таза Қазақста», Закон и порядок, Адал азамат, реабилитация наследия Алаш, цифровизация, искусственный интеллект). Особый акцент сделан на роли интеллигенции: из «хранителя традиций» она превратилась в социальную группу, которая инициирует модернизацию общественного сознания. Доказано, что глобальные и внутренние вызовы (пандемия, война в Украине, январские события 2022 г.) ускорили смещение акцентов к экономическому суверенитету и социальной справедливости. Научная новизна исследования заключается в доказательстве прямой связи между сменой политического курса, эволюцией языка СМИ и изменением представлений о национальной идентичности.

Ключевые слова: идеология, газета «Қазақ әдебиеті», пресса, интеллигенция, государственная политика, власть, справедливость.

М.А. Kaiyrbek

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Ideology and the Kazakh Press (Content Analysis of «Qazaq adebieti» materials)

Abstract. This article presents a comparative analysis of the evolution of state ideological concepts in Kazakhstan from 2015 to 2025, where 2015–2019 marks the late presidency of N. Nazarbayev and 2019–2025 represents the first five years of K.-J. Tokayev's rule. The study employs a decade-long content analysis of publications in the newspaper "Qazaq ádebieti" (Kazakh Literature), selected as a

primary platform for the views of Kazakh intellectuals. A radical paradigm shift is revealed: from the dominance of historical-conservative narratives under Nazarbayev (Rukhani Zhangyru, Máńgilik El) to Tokayev's pragmatic socio-legal agenda (Just Kazakhstan, Taza Qazaqstan, Rule of Law, Adal Azamat [Man of integrity], rehabilitation of the Alash heritage, digitalization, and AI). The research highlights the transformed role of intellectuals: from "guardians of tradition" to agents modernizing public consciousness. Global and domestic challenges (the pandemic, the Ukraine war, January 2022 events) accelerated shifts toward economic sovereignty and social justice. The study's novelty lies in proving a direct correlation between political changes, the evolution of media discourse, and reimagined national identity.

Keywords: ideology, newspaper Qazaq literature, press, intellectuals, state policy, power, justice.

References

1. Abdik, D. (2017) Ideologiyaga ulangan ortada parasat zhok. Kazak adebieti gazeti. Silteme arkyly kol zhetimdi: <https://qazaqadebieti.kz/12300/darhan-bdik-zhurnalist-ideolo-giya-a-ulan-an-ortada-parasat-zho> (karalghan kyni: 16 shilde 2024 zh.). [in Kazakh]
2. Chomsky, N. (1967) The Responsibility of Intellectuals, New York Review of Books. Available via the link: <https://www.jstor.org/stable/j.ctv9b2xdv.8?seq=1> (Accessed: 02 July 2024).
3. Gramshi, A. (1991) Tyuremnye tetradi. — M.: Izdatel'stvo politicheskoy literatury. Dostupno po ssylke: <https://www.civisbook.ru/files/File/Gramshi,tetradi.pdf> (data obrashheniya: 16 iyulya 2024 g.). [in Russian]
4. «Mangilik El» ideyasy: keshe, bygin, erten. Silteme arkyly kol zhetimdi: <https://assembly.kz/upload/medialibrary/7da/7dad3ee17df21297af3ddd3ddb18f4b2.pdf> (қаралған күні: 16 шілде 2024 ж.). [in Kazakh]
5. «Mangilik El» patriottyk aktisi. Silteme arkyly kol zhetimdi: <https://assembly.kz/news/m-gilik-el-patriotty-akt/> (karalghan kyni: 16 shilde 2024 zh.). [in Kazakh]
6. Nazarbaev, N. (2017) Bolashakka bagdar: Ruhani zhangyru. Silteme arkyly kol zhetimdi: https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy (karalghan kyni: 10 shilde 2024 zh.). [in Kazakh]
7. Abzhanov, H. (2017) Ruhani zhangyru zhane kazirgi tarih gylmy. Silteme arkyly kol zhetimdi: <https://qazaqadebieti.kz/11047/ruhani-zha-yru-zh-ne-azirgi-tarih-ylmy> (karalghan kyni: 16 shilde 2024 zh.). [in Kazakh]
8. Sevost'yanova, I. (2019) Jekonomika RK v 2018: real'nost' okazalas' luchshe ozhidaniy. Dostupno po ssylke: https://forbes.kz/articles/ekonomika_rk_v_2018_realnost_okazalas_luchshe_ojidaniy (data obrashheniya: 16 iyulya 2024 g.). [in Russian]
9. Kenzhetaj, D. (2017) Salafi dini tanymynyn kateri. Silteme arkyly kol zhetimdi: <https://qazaqadebieti.kz/12912/salafi-dini-tanymyny-ateri> (karalghan kyni: 10 shilde 2024 zh.). [in Kazakh]
10. Tokaev, K. (2022) Memleket basshysynyn «Adilette memleket. Birtytas ylt. Berekeli kogam» atty Kazakstan halkyna Zholdauy. Silteme arkyly kol zhetimdi: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-181416> (karalghan kyni: 14 shilde 2024 zh.). [in Kazakh]
11. Kazakstan Respublikasy Prezidentinin zhanyndagy Ylttyk kogamdyk senim kenesi turaly erezhe. Silteme arkyly kol zhetimdi: https://www.akorda.kz/kz/legal_acts/decrees/kazakstan-respublikasy-

prezidentinin-zhanyndagy-ulttyk-kogamdyk-senim-kenesinin-erezhesin-zhane-kuramyn-bekitu-turaly (karalghan kyni: 10 shilde 2024 zh.). [in Kazakh]

12. Kazakhstan Respublikasy Prezidentinin zhanyndagy Yltyk kyryltaj turaly erezhe. Silteme arkyly kol zhetimdi: <https://www.akorda.kz/kz/kazakhstan-respublikasy-prezidentinin-zhanyndagy-ulttyk-kuryltaydy-kuru-zhane-kazakhstan-respublikasy-prezidentinin-keybir-zharlyktarynyn-kushi-zhoylydy-dep-tanu-turaly-145458> (karalghan kyni: 10 shilde 2024 zh.). [in Kazakh]

13. Kosan, A. (2023) «Konstituciya karap kosil! Silteme arkyly kol zhetimdi: <https://qazaqadebieti.kz/40021/mirzhan-osan-sayasatker-konstitutsiya-a-arap-k-sil> (karalghan kyni: 16 shilde 2024 zh.). [in Kazakh]

14. Kreativnye industrii Kazahstana: trendy i perspektivy. Dostupno po ssylke: <https://aifc.kz/wp-content/uploads/2025/01/kreativnye-industrii-kazahstana-trendy-i-perspektivy-1.pdf> (data obrashheniya: 16 iyulya 2024 g.). [in Russian]

15. Belyaeva, E. (2025) Za shest' let VVP na dushu naseleniya prevysil 14 tysyach dollarov v Kazahstane. Dostupno po ssylke: <https://www.zakon.kz/sobytiia/6470798-za-shest-let-vvp-na-dushu-naseleniya-prevysil-14-tysyach-dollarov-v-kazahstane.html> (data obrashheniya: 16 iyulya 2024 g.). [in Russian]

16. Adebietshi kauym reformalardy koldajdy. Silteme arkyly kol zhetimdi: <https://qazaqadebieti.kz/33437/debietshi-auym-reformalardy-oldajdy> (karalghan kyni: 08 shilde 2024 zh.). [in Kazakh]

17. Tokaev, K.K. (2023) Yltyk kyryltajdyn «Adilette Kazakhstan – Adal azamat» atty ekinshi otyrysynda sojlegen sozi. Silteme arkyly kol zhetimdi: <https://www.akorda.kz/kz/speeches?page=3&category=> (karalghan kyni: 17 shilde 2024 zh.). [in Kazakh]

18. Amanshaev, E. (2024) Yltyk sana zhane aleumettik zheli. Silteme arkyly kol zhetimdi: <https://qazaqadebieti.kz/43949/ltty-sana-zh-ne-leumettik-zheli> (karalghan kyni: 17 shilde 2024 zh.). [in Kazakh]

Автор туралы мәлімет:

Қайырбек М.Ә. – PhD докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Қайырбек М.А. – PhD докторант, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Қайырбек М.А. – PhD doctoral student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4>).